

## **"Канемацу Корпорейшн" фирмасы алдындағы берешекті өтеу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 27 қараша N 1526

"2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 22 желтоқсандағы Z000131\_ Заңына сәйкес Қазақстан Республикасына берілген СК-5М1 "Нива" комбайндары үшін "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамының "Канемацу Корпорейшн" фирмасы алдындағы берешегін өтеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Корпорация) "Қазақстан Эксимбанкi" жабық акционерлік қоғамымен (бұдан әрі - Банк) (келісім бойынша) бірлесіп, "Канемацу Корпорейшн" фирмасымен (бұдан әрі - Фирма) Корпорация мен Фирма арасындағы комбайндарды беруге арналған 1996 жылғы 31 шілдедегі N 817-К келісім-шарт бойынша 3 787 600 (үш миллион жеті жүз сексен жеті мың алты жүз) АҚШ доллары сомасында Корпорацияның берешегін өтеуді жүзеге асыру кезінде тараптардың міндеттемелерін тоқтату туралы келісім (бұдан әрі - Келісім ) жасассын.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі:

1) көрсетілген Келісімге сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен "Мемлекеттік астық ресурстарының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 29 мамырдағы N 901 P970901\_ қаулысына сәйкес "Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры" жабық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Қор) алған комбайндар үшін Корпорацияға төлеуге Қорға 3 787 600 (үш миллион жеті жүз сексен жеті мың алты жүз) АҚШ долларына баламалы сомада 2001 жылға

арналған республикалық бюджетте көзделген ақшалай қаражаттың аударылуын қамтамасыз етсін;

2) бір ай мерзімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныстар енгізсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК